



«ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС» бағыты бойынша мамандықтар тізімі:

- 5B050100 - Әлеуметтану
- 5B050200 - Саясаттану
- 5B050300 - Психология
- 5B050400 - Журналистика
- 5B050600 - Экономика
- 5B050700 - Менеджмент
- 5B050800 - Есеп және аудит
- 5B050900 - Қаржы
- 5B051000 - Мемлекеттік және жергілікті басқару
- 5B051100 - Маркетинг
- 5B051300 - Әлемдік экономика
- 5B051400 - Қоғаммен байланыс
- 5B051900 – Еңбекті ұйымдастыру және нормалау
- 5B052100 - Мемлекеттік аудит



5B050100 - Әлеуметтану

Академиялық дәрежесі - «Әлеуметтану» мамандығы бойынша әлеуметтік білімдер саласындағы бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады:

- әлеуметтік зерттеу орталықтарда әлеуметтанушы, мемлекеттік қызмет, ҚР-ның Қарулы күштер құрылымдарында әлеуметтанушы-аналитик;
- Еңбек және әлеуметтік қорғау департаменттерінде маман; өндірістік, жекеменшік және консалтингтік компанияларда маркетинг, маман;
- миграция мен демография бойынша бөлімдерде демограф; әкімшіліктерде, Еңбек және әлеуметтік қорғаныс Министрлігінің департаменттерінде әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік қызметтің жетекшісі;
- сайлау компаниялар мен сайлау технологиялық орталықтарда маман;
- Public Relations (PR) саласында маман.



5B050200 - Саясаттану

Академиялық дәрежесі - «Саясаттану» мамандығы бойынша әлеуметтік білімдер саласындағы бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады:

- мемлекеттік биліктің ұйымдары мен аудандық, қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі басқармаларда, БАҚ-та саяси консультант, нұсқаушы, инспектор, аналитик, эксперт, кеңесші, конфликтолог;
- имиджмейкер;
- саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарда саяси технолог;
- мемлекеттік емес ұйымдарда қоғаммен байланыс бойынша маман;
- аналитикалық орталықтар, фондтарда сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар бойынша маман.



5B050300 - Психология

Академиялық дәрежесі - «Психология» мамандығы бойынша әлеуметтік білімдер саласындағы бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады:

- түрлі типтегі оқу орындарда, жұмыспен қамту қалалық және республикалық орталықтарда кәсіптік бағдар беру және кәсіби оқыту бойынша психолог;
- өндірістік өнеркәсіптерде (қызметкерлермен жұмыс жасайтын менеджер) психолог;
- медициналық ұйымдар мен емдік-профилактикалық мекемелердегі психолог;
- құқық қорғау ұйымдарда және пенитенциарлық мекемелерде, оңалту және педагогикалық қараусыз қалған жасөспірімдердің әлеуметтік бейімдеу орталықтарда психолог.



5B050400 - Журналистика

Академиялық дәрежесі - «Журналистика» мамандығы бойынша әлеуметтік білімдер саласындағы бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады:

- электрондық және баспалық БАҚ-тың журналисті;
- мемлекеттік және тәуелсіз органдардың ақпараттық агенттіктер мен жаңалық қызметтер журналисті;
- баспасөз қызметінің қызметкері;
- Қазақстанда және шет елдердегі қоғаммен байланыс бөлімшелердің маманы;
- жарнамалық агенттіктердің маманы;
- желілік ақпараттық құрылымдарда маман; баспалық өнімдердің редакторы;
- газета, журнал, радио, теледидар редакциясының маманы.



5B050600 - Экономика

Академиялық дәрежесі - «Экономика» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады: экономист, маман, аналитик лауазымдарда атқара алады:

- ҚР-ның Инвестициялар және даму министрлігінде, Ұлттық экономика министрлігі;
- министрліктер мен мекемелердің экономика департаменттерде, трансұлттық корпорациялар мен ұлттық компаниялар;
- облыстық, қалалық және аудандық әкімшіліктердің экономика мен бюджеттік жоспарлау, кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменттерде;
- экономика және жоспарлау бөлімдерде, кәсіпорынның еңбек пен жалақы бөлімдерінде, фирмаларда, түрлі меншіктік ұйымдарда;
- мемлекеттік және коммерциялық банктерде, сақтандыру компанияларда, кедендік басқармаларда, статистикалық агенттіктерде және т.б.



5B050700 - Менеджмент

Академиялық дәрежесі - «Менеджмент» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады:

- басқару жүйесінде жоғары және орта буында жетекші, кейін түрлі экономикалық құрылымдарда жетекшілік лауазымда;
- әлеуметтік қызметтерде, басқару жүйеде ұйымдастыру бөлімшелерде, салааралық кешендерде, басқару мекемелерде, акционерлік қоғамдастықтарда, түрлі шаруашылық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдарда: жоспарлау мен бақылау, оперативтік басқару бойынша экономист-менеджер, кадрмен, технологиялық және өндірісті техникалық дамыту, қоршаған ортаны қорғау және табиғат қорын пайдалану, өнеркәсіптік өндіріс пен ұйымдарың түрлі қызметтік бөлімдердің қаржысы бойынша жұмыстарда;
- кіші, орта, және үлкен бизнес саласында, экономикалық басқармалық қызметтер мен мемлекеттік басқару ұйымдардың бөлімшелерде, сонымен қатар жеке меншік құрылымдарда экономист.



5B050800 - Есеп және аудит

Академиялық дәрежесі - «Есеп және аудит» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады:

- компания, фирма, банк және басқа шаруашылық субъекттерде бухгалтерлер;
- министрліктер, мекемелерде, фирмаларда есеп, есептілік әдістемесі мен аудиторлық жұмыс бойынша экономист;
- қаржы-мемлекеттік бақылау бойынша ұйымдарда, аудиторлық фирмаларда аудитор; бухгалтерлік есеп, оперативтік-экономикалық бақылау, шаруашылық қызметтерді талдау, жоғары және кәсіби орта оқу орындардағы аудит бойынша оқытушы.



5B050900 - Қаржы

Академиялық дәрежесі - «Қаржы» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры.

Түлектер республикалық, мемлекеттік және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік мекемелерде, банктерде, биржаларда, қаржы және сақтандыру компанияларда, инвестициялық қорларда, ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Ұлттық банкте, ҚР бірыңғай зейнетақы қорының жүйесінде, қаржы мекемелерінде, түрлі деңгейдегі әкімшіліктегі қаржы басқармасы мен бөлімдерде, әр түрлі меншіктегі өнеркәсіптің қаржы қызметтерде және ұйымдарда қызмет атқара алады. Келесідей лауазымдарда қызмет атқара алады:

- қаржы бойынша басты және жетекші маман, қаржы директоры, қаржы менеджері мен қаржы аналитигі, аудитор немесе ревизор;
- сыртқы экономикалық қызмет бойынша маман;
- салық инспекторы, салық полициясының маманы, кедендік комитет және т.б.



5B051000 - Мемлекеттік және жергілікті басқару

Академиялық дәрежесі - «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры.

Түлектер халықпен жұмыс жасайтын ұйымдарда, мемлекеттік қызметкерлер ісі бойынша комитеттерде, департаменттерде, әкімшіліктерде, республикаларды, облыстарды, аудандарды, қалаларды әлеуметтік-экономикалық дамыту бойынша мемлекеттік және муниципалдық қызмет бөлімдерде келесі лауазымдарда қызмет атқара алады:

- басқарудың орталық және жергілікті ұйымдарда, мемлекеттік кәсіпорындарда, акционерлік қоғамдастықтарда, өндірістік компанияларда, қызмет көрсету саласының өндірістерде экономист;
- қаржы-кредиттік секторының басқару құрылымдардағы менеджер, әлеуметтік сфераның экономика саласында маман.



5B051100 - Маркетинг

Академиялық дәрежесі – «Маркетинг» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры.

Түлектер жеке фирмалар мен ассоциациялар, банктер мен сақтандыру компанияларда, инвестициялық фондтар, жарнамалық компанияларда, трансұлттық корпорациялар мен ұлттық компанияларда дамыту және маркетинг бөлімдерде жұмыс істей алады

Түлектер келесі лауазымдарда қызмет атқара алады:

- өндіріс пен ұйымдардың бастығы, маркетинг бөлімінің директоры, коммерциялық директор,
- маркетолог, маркетолог-аналитик, маркетолог-логист, бренд-менеджер, жарнама бойынша менеджер, маркетолог-тауартанушы, маркетолог-эксперт, маркетолог-экономист, PR-менеджер, мерчендайзер және т.б.



5B051300 - Әлемдік экономика

Академиялық дәрежесі - «Әлемдік экономика» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады:

- түрлі деңгейдегі мемлекеттік ұйымдарда;
- өндірістік және кредиттік-банктік өнеркәсіптер саласында;
- қаржы, консалтингтік, сақтандыру және аудиторлық компанияларда, инвестициялық қорларда, сонымен қатар халықаралық келісімдер жасайтын шетел компанияларда.

Олар экономикалық қызметтерде, өндіріс пен фирманың экспорттық-импорттық, коммерциялық бөлімдерде меңгерушілік қызметке бағытталған.



5B051400 - Қоғаммен байланыс

Академиялық дәрежесі - «Қоғаммен байланыс» мамандығы бойынша әлеуметтік білімдер саласындағы бакалавры.

Түлектер келесідей лауазымдарды атқара алады:

- маркетинг пен жарнама бөлімдерде менеджер;
- баспасөз қызметшісі; имиджмейкер;
- тілші;
- қоғаммен байланыс бойынша маман;
- бұқаралық ақпарат құралдарының менеджері;
- баспасөз қызметінің маманы;
- Қазақстан Республикасының елшіліктерінде пресс-атташе, продюсер; жарнамалық агент, бизнес-журналистикада эксперт.



5B051900 – Еңбекті ұйымдастыру және нормалау

Академиялық дәрежесі – «Еңбекті ұйымдастыру және нормалау» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры.

Түлектер:

- еңбекті және жалақыны ұйымдастыру мен нормалау қызметтерінде, кез-келген ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы ұйымның қызметкерлерін басқару қызметтерінде;
- өндіріс, сауда, көлік, банк, сақтандыру, туристік және басқа да қызмет салаларында, соның ішінде ғылыми-зерттеу ұйымдарында;
- мемлекеттік және муниципалдық органдардың қызметкерлерді басқару қызметтерінде, қалалар мен аймақтардың халқын әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту қызметтерінде, кадрлық агенттіктерде жұмыс істей алады.



5B052100- Мемлекеттік аудит

Академиялық дәрежесі – «Мемлекеттік аудит» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры.

Түлектер:

- мемлекеттік аудитор, бас маман, жетекші маман;
- мемлекеттік кірістер департаменттерінде, мемлекеттік қызмет істері министрліктерінде;
- Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит департаменттерінде;
- ММ Тексеру Комиссиясында;
- Есеп комитетінде; ҚР Ұлттық Банкінде; ҚР Ұлттық қорында; салық органдарында; кеден органдарында;
- квазимемлекеттік ұйымдарда аудит жүргізетін аудиторлық және т. б. компанияларда жұмыс істей алады.